are provided absolutely free of charge. The site helps to find pen pals and communicate with them, not only increasing the level of English proficiency, but also overcoming language and cultural barriers. The portal contains dozens of different world languages that you can learn along with native speakers. Just fill out the form and the resource will provide you with a list of native speakers who meet your requirements.

A language exchange network for people from around the world. Becoming a member of the community is absolutely free. Find a language exchange partner and chat with them via text or voice chat. It is easy to find an interlocutor - on the portal you can study the profiles of participants from all over the world. Among the 7 classes of our school, a survey was conducted on the following questions:

10 people participated in the survey. The following questions were asked:

- How often do you use the social network "VK"?
- How often do you create new statuses?
- Would you like to improve your English?

Most of the participants answered yes to all three questions.

Thanks to this survey, we can confirm the conclusion that English is in demand, social networks are popular, and most users tend to use statuses.

Do statuses help when learning English? To answer the main question of this scientific study, a scientific experiment was conducted.

10 participants were asked to use only English statuses on social networks for three weeks. It was necessary to create a new status every day. The theme of the statuses was determined by the participant himself and depended on his preferences, emotional state and events that took place in his life.

I analyzed the responses of about 10 students, which can be shown graphically in the following chart.

Experiment results:

- 1) The dependence of a person on social networks is traced, which indicates their popularity and accessibility;
- 2) Compiled a typology of statuses in English
- 3) It has been proven through a survey that the use of English statuses is not convenient for all users of social networks;
- 4) During the experiment, the real help of statuses in learning the language was found out.

Conclusions:

Based on the results obtained, it was found that the use of statuses in English is an activity accessible to everyone, taking place in a familiar and comfortable environment for a modern person, which also benefits. During the experiment, it was found that thanks to the statuses, you can enrich your vocabulary and improve your knowledge of grammar. Thus, the real help of this method of learning English has been proven. This confirms the hypothesis that statuses can become one of the new, easier and faster ways to learn a foreign language in a student-friendly environment - social networks.

Thus, the goal of the work is achieved, the tasks are solved.

Today, social networks are a new learning environment where students mainly read or view educational content, share comments or audio and video materials of their own production, which are created using the knowledge that was previously acquired. One should not ignore the current trend, which is that the learning process today takes place not only within the walls of the university, but also after classroom classes, and possibly at the same time, for example, in the VKontakte social network feed.

The use of a social network expands the possibilities of an English teacher, both for organizing classroom work and for the effective organization of independent work. The social network helps to increase the speed of communication between the teacher and students, on the other hand, it requires additional time spent on preparing content posted on the Web and moderating the account. It should be emphasized that the use of a social network increases the authority of the teacher and contributes to the creation of trusting relationships.

Social networks also have their drawbacks: an overabundance of entertainment information, lack of strict control, ignoring ethical issues, as well as inaccurate content. In general, the use of social networks in an educational context is still controversial and both advantages and disadvantages should be considered in order to make it more effective for both teachers and students. However, social networks can become an additional means of teaching a foreign language.

Resources:

1. Wikipedia - [Electronic resource] - wikipedia.org/wiki/, free access.
2. Brown S. "Mosaic" and "World Wide Web" for access to the Internet: Per. from English - M.: Mir: Malip: SK Press, 2009. - 167c.
3. Gilster P. New Internet navigator: Translated from English. - Kyiv: Dialectics, 1996. - 495 p.
4. Frolov A.V., Frolov G.V. Global networks of computers. A practical introduction to the Internet, E-mail,

FTP, WWW, and HTML programming for WindiwsSockets. - Dialogue - MEPhI, 2010. - 283 p.

Тоғызбаева Нұрбақыт Әбілқайырқызы

Тоғызбаева Нұрбақыт Абылкаировна

Togyzbayeva Nurbakyt Abylkairovna

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, 2-курс магистранты

Қазақстан, Қызылорда қ.

Ильясова Күлпаш Мырзамұратқызы

ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Астана қ.

ҚЫЗЫЛОРДА АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҒЫН ҚҰРУ- ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ (1996 – 1999 жж.)

Аңдатпа: Бұл мақалада тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қызылорда облысының әлеуметтік проблемаларын шешу үшін және аймақты жеделдете дамыту мақсатында жүзеге асырылған шаралардың бірі - Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру жобасы туралы айтылады. Қызылорда арнайы экономикалық аймағының – халықтың тұрмыс-тіршілігі, шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы, экологиялық мәселелерді шешу, мұнай-газ қорларын игеру, инвестиция тарту жұмыстарынан бастап өңірді қуатты индустриалды аймаққа айналдыруға берілген мүмкіндіктері мен нәтижелері сарапталды.

Кілт сөздер: Қызылорда арнайы экономикалық аймағы, Бердібек Сапарбаев, инвестиция, жұмыспен қамту, дағдарыс

Аннотация: В данной статье речь пойдет о проекте создания специальной экономической зоны Кызылорда - одной из мер, реализованных в целях решения социальных проблем Кызылординской области после обретения независимости и ускоренного развития региона. Будут проанализированы возможности и результаты Кызылординской специальной экономической зоны – от работы по жизнеобеспечению населения, малому и среднему бизнесу, сельскому хозяйству, решению экологических проблем, обладанию нефтегазовыми запасами, привлечению инвестиций до превращения региона в мощную индустриальную зону.

Ключевые слова: Кызылординская специальная экономическая зона, Бердибек Сапарбаев, инвестиции, занятость, кризис

Annotation: This article will focus on the project of creating a special economic zone of Kyzylorda - one of the measures implemented to solve the social problems of the Kyzylorda region after independence and accelerated development of the region. The opportunities and results of the Kyzylorda special economic zone will be analyzed – from work on life support for the population, small and medium-sized businesses, agriculture, solving environmental problems, possessing oil and gas reserves, attracting investments to turning the region into a powerful industrial zone.

Keywords: Kyzylorda Special Economic Zone, Berdibek Saparbayev, investments, employment, crisis

Сыр өңірі республикамыздағы тарихи мұраларға бай, халықтың салт – дәстүрі мен әдет – ғұрпын, ұлттық болмысын қаз- қалпында сақтаған облыстардың бірі. Сыр өңірінің тарихы мен тағдыры өзгеше дегенімізбен, қиындықтарды жасырғаннан жетістіктері өздігінен орнамайды. Адамзаттың қолынан жасалған жасанды әрекеттердің салдарынан сыр бойының экологиялық ахуалы, көрік – келбеті, экономикасы бір кездері әлсіреп қалғандығы жасырын емес. Теңіз тартылып, тұз ұшып, Байқоңырдың отты желі және ластанған су өзен бойын қоныстанған ел тұрмысын түрлі қиындықтарға душар еткен кезеңдердің бірі XX ғасырдың 90- жылдарының орта тұсы болатын. Осы кезеңде Қызылорда облысының барлық мақсат мүддесі экономикалық реформаларды жүзеге асыруға жұмылдырылған еді. Оның алғашқыларының бірі болып халықты азық – түлікпен өзін – өзі қамтамасыз етті және 1996 – 1998

жылдарға арналған экономикалық жетілдіру бағдарламалары жасалды.

Негізгі ұйымдық шаралар осы бағытта өрбіді. «Қызылорда» өндірістік шаруашылық ассоциациясы құрылып, оған ірі- ірі он кәсіпорын шоғырланды. Бұл тоқтап тұрған бірқатар өндіріс орындарына жан бітірді [1, 5 б.].

Бұл кезеңдегі Қызылорда облысы экономикасының негізгі саласы – ауыл шаруашылығы болатын. Оның ішінде Сыр күрішінің үлес салмағы басым. Жалпы күріш егістігі 70 мың гектарды қамтыды. Ал мал шаруашылығына келер болсақ Қызыл құм мен қарақұмның қойнауында, Сарысу мен Бетпақдала жазығында, Қаратау баурайында төрт түлік мал өсіріліп келді. Еркін даму жағдайына ден қойылғанымен өңір негізінен аграрлы сипатта болып, Қызылорда облысының экономикасының баяу ілгерілеуінің басты себебіне айналды [1, 13 б.] .

Осы тұста тығырықтан шығу үшін облыс әкімдігі өңірді қуатты индустриялы – аграрлы аймаққа айналдыру міндетін қолға алған болатын. Әлем бойынша еркін экономикалық аймақ құру мәселесі тәжірибиеге XX ғасырдың жетпісінші жылдары кең тарала бастады. Бұлар, негізінен, халықаралық экономикалық байланыстарды нығайтуға бағыттталып, оған қатысушы елдер арасындағы сауда және кедендік кедергілерді жойып, инвестиция нарығын дамытуға бағытталған алғашқы қадамдар болатын. Аталмыш аймақтар жекелей әкімшілік құрылымдардың территорияларында шаруашылық қызметке ерекше жеңілдіктер беру тәртібімен құрылды. Еркін экономикалық аймақтың алғашқылары Қазақстанның егемендік жариялаған кезінен бастап-ақ Жезқазған, Талдықорған, Қостанай облыстары мен Алматы қаласында құрылды. Кейіннен Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Маңғыстау облыстары еркін экономикалық аймақтар болып жарияланды. Осылайша, арнайы экономикалық аймақ құрудың тәжірибесі жинақтала бастады.

Ал арнайы экономикалық аймақ бұл – өңірдің өзге аймақпен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін теңестіру және артта қалған проблемаларын еңсеру жөніндегі міндеттер шешілетін, кейбір қызметтерді жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасалатын дәл белгіленген шекаралары бар елдің шектеулі аумақта құрылатын еркін экономикалық аймақтың түрі. Өзге аймақтармен салыстырғанда ерекше заңды мәртебесі бар, сондай-ақ ұлттық немесе шетелдік кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген экономикалық жағдайлары бар өңірлердегі шектеулі аумақ.

Осыған сәйкес Қазақстан жоғары тиімді өндірістер құру, экономиканың әлемдік шаруашылықтардың байланыстар жүйесіне енуін жандандыру, елімізде өнімдердің жаңа түрлерін шығаруды игеріп жаңа технологиялардың бір немесе бірнеше салаларын дамыту мақсатында инвестициялар тарту үшін және әлеуметтік проблемаларды шешу және кей аймақтарды жеделдете дамыту мақсатын жоспарлап Қазақстанда 1996 жылдан бастап арнайы экономикалық аймақтар құру туралы бастама көтерілді.

Дәл осы уақыт біздің Сыр өңірі үшін өте бір ауыр кезең болды. Облыстың ауыл шаруашылығының жағдайы тұралай бастаған еді, мысалы астық оның ішінде күріш жинаудың көлемі төмендей бастаған болатын. Өңірдегі целлюлоза картон жасау зауыты және тәжірибелік жөндеу-механикалық зауыттары жарым-жартылай жұмыс істеді немесе тоқтап тұрды. Кәсіпорындардың жұмысы нарықтың қысымына шыдас бере алмады. Олар шикізаттардың жоқтығынан немесе өз өнімдерін өткізетін рынок таба алмай тоқтады, еңбек ұжымдарының мүшелері ақысыз демалысқа жіберілді. Сонымен қатар өңірдегі үлкен экологиялық мәселе -Арал теңізінің тартылуы болды. Республиканың басқа аймақтарына қарағанда Қызылорда облысында шағын және орта бизнес баяу қарқынмен дамыды. Осындай мәселелер — аймақтағы халықтың тұрмыс-деңгейін төмендетіп, аймағымыз халықтың ауру-сырқаулығы, кедейшілік, жұмыссыздық сияқты көрсеткіштер бойынша нашарлап, Қазақстан аймақтарының арасында соңғы орындардың бірін алды. Осы кезеңде облыс басшылығына 1995 жылы Бердібек Сапарбаев келді. Өлкедегі осындай қалыптасқан қиын жағдайды реттеу үшін қызметке кірісе сала Б.Сапарбаев Қызылорда арнайы экономикалық аймағы әкімшілік кеңесі төрағасы ретіндеде шұғыл шараларды жасауды қолға алды.

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі бағдарлама жасалып, қабылданды. Жеке сектордың қалыптасуы мен дамуын тездету, бәсекелестік ортаны құру, нарықтық инфрақұрылымдарды қалыптастыру, тауар өндірушілердің әлемдік нарық жағдайына бейімделуіне жәрдемдесу, басым бағыттағы өндірістің дамуы мен шетел капиталының енуінің жаңа үлгілері мен жолдарын іздестіру қолға алынды. Макроэкономикалық салалардағы қол жеткен нәтижелерді тұрақтандыру және құрылымдық-институттық қайта құруларды қамтамасыз ету, өндірістің құлдырауын тоқтатып, одан кейін экономиканы, осының негізінде халықтың тұрмыс деңгейін көтеруді қамтамасыз ету міндеттері алға қойылды. Облысты дамытудың орта мерзімді бағдарламасына сәйкес реформаны тереңдету жұмыстары жеделдетілді.

1996 жылғы 26 қаңтардағы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтары туралы» Заңынан кейін ғана сол жылдың 8 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің

«Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру» туралы жарлығы шықты. Қызылорда АЭА-ның қалыптасуында 1997 жыл ерекше орын алады. Осы жылдың қаңтар айында аталмыш арнайы аймақтың Әкімшілік кеңесінің жарғысы бекітіліп, оның басқару құрылымы анықталды. Ақпан-мамыр айлары аралығында қала-әкімі - Қызылорда арнайы экономикалық аймағы Әкімшілігі кеңесі төрағасының іс-қимыл жоспары және Қызылорда АЭА-ның 1997 жылға арналған бюджеті бекітіліп, оның даму бағдарламасы, әлеуметтік-экономикалық даму Қорының Жарғысы және Қызылорда қаласының 1997-2000 жылдарға арналған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламасы қабылданды. Дәл осы кезеңдерде Қазақстан Республикасы Президентінің «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдауды күшейту және дамытуды жандандыру шаралары туралы» Жарлығы шығып, Қызылорда қаласындағы шағын кәсіпкерлікті дамытудың ұйымдастырушылық, кәсіпкерліктің салалары бойынша мемлекеттік экономикалық саясатты жүргізу, шағын өндірісті дамытуға жағдай жасау, халыққа қызмет көрсету саласында шағын кәсіпкерлікті дамыту, сол сияқты шағын және орта бизнесті қолдау инфрақұрылымын қалыптастыру сияқты бағыттары анықталды [2,5-6 б.] .

Осындай қиын кезеңде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі шараларын жүзеге асыру үшін ауқымды жұмыстар жүргізуге кең жол ашылды. Мемлекеттің бұл құжатын басшылыққа ала отырып «Қызылорда облысы әкімінің 1996-1998 жылдары реформаларды тереңдету жөніндегі бағдарламасы» қабылданды. Онда макроэкономикалық салалардағы қол жеткен нәтижелерді тұрақтандыру және құрылымдық – институттық қайта құруларды қамтамасыз ету, өндірістің құралдарын тоқтатып, онан кейін экономиканы, осының негізінде халықтың тұрмыс тіршілігін қамтамасыз ету көзделген болатын.

Қызылорда облысында орта мерзімді бағдарламаға сәйкес реформаны тереңдету жұмыстарыөзінің жалғасын таба бастады. Меншік қатынастарын жаңарту, жеке сектордың қалыптасуы мен дамуы бәсекелес ортаның құрылуы, нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуы, товар өндірушілердің әлемдік нарық жағдайына бейімделуі, басым бағыттағы өндірістің дамуы мен шетел капиталынкелтірудің жаңа үлгілері мен жолдарын іздестірупроцестері басталды.Нәтижесінде 1996 жылы инфляцияның деңгейі оның алдындағы жылмен салыстырғанда 40 процентке төменде, өнеркәсіп өнімінің көлемі 41,6 процентке артты [3, 245 б].

Кәсіпкерлердің дамуын қолдау шараларының барысында шағын және орта бизнес кәсіпорындарының сан жағынан өсуі байқала бастады. 1997 жылдың басында экономикалық жеке секторы кәсіпорындары 4025-ке жетті. Оның ішінде 100 өнеркәсіптік, 1182 ауыл шаруашылығы, 81 құрылыс бағытында болып, оларда қызмет етуші адам саны 32 мыңға жетті. Олардың шығарған өнімдері 4887 мың теңгеге бағаланды. Осындай жұмыстардың нәтижесінде облыстың халық шаруашылығында мемлекеттік сектор тек 15,3процент болып, ал мемлекеттік емес сектор 85,7 процентін құрады.

1997 жылы экономикалық және әлеуметтік даму қоры кіші және орта кәсіпкерліктің шаруашылық жүргізуші субъектілері жеңілдетілген негізде 97904 мың теңгеге қаржыландырды, сол сияқты 13 бизнес-жобаны жүргізуге 2480 мың теңге бөлінді [4, 41 б.]. Осы жылдың маусымында Қызылорда арнайы экономикалық аймағының тұсау кесер рәсімі өткізілді. 1997 жылдың екінші жартысында Қызылорда Арнайы Экономикалық Аймағы және кәсіпкерлік субъектілерін қолдау Қоры құрылып, оның 1998 жылға арналған бюджеті бекітілді.

Жалпы Қызылорда арнайы экономикалық аймағы 821 шаршы километр жерді алып жатты. Бұл аумақта мұнай, газ, кварцты құм, фосфорит, тұз, тальк, қорғасын, мырыш және ванадий сияқты пайдалы қазбалар болды. Қызылорда АЭА-ның әкімшілік-аумақтық құрылымы 8 әкімшілік-аумақтық бірліктен тұрды. Оған Қызылорда қаласы, Тасбөгет, Белкөл қыстақтары, Қосшыңырау, Қызылжарма, Қызылөзек, Ақсуат, Ақжарма ауыл округтері кірді. Халқының саны 1999 ж. 1 қаңтарына 190,5 мың адамды құрады, оның ішінде қала халқы 92,0%.Географиялық орналасуы мен транспорттық қамтамасыз етілуі жағынан да қолайлы жерде орналасты. Осылардың бәрін ескере отырып және жағымды инвестициялық ахуал қалыптастыру мақсатында ҚАЭА-ты дамытудың басымдықтары анықталды. Солардың арасында Қызылорда қаласында аэропорт пен аэровокзал кешенін, Қызылорда-Жезқазған темір жолын, Қызылорда-Жезқазған, Қызылорда-Бұхара-Нүкіс тас жолдарын салу мен қалалық көлік тасымалы паркін жаңарту және заманауи технологияны жетілдіріп, телекоммуникация жүйесін кеңейту мәселелерін қарастыруға көңіл бөлінді[5,2 б.].

1991 - 2001 жылдар арасында Қызылорда облысындаөнеркәсіп орындарының өз жұмыстарын тоқтатуы немесе іркіліспен жұмыс істеуі орын алды. Осы кезде қаладағы алпауыт мекемелер, яғни мыңдаған жұмысшылары бар «ЦКЗ», «КРМЗ», «Сырдария- лада», «Жайна», «КСМиК» акционерлік қоғамдары өз жұмысын тоқтатқан еді. Осындай келеңсіз жағдайлардың алын алу үшін Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру жобасы дер кезінде қолға алынған бастамалардың бірі болды.

1995 жылы облыстық жұмыспен қамту басқармасынан қалалық жұмыспен қамту орталығы бөлініп

шықты. Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу мақсатында жұмыспен қамту қорынан шағын несие берілетін кәсіпорын ашылуы тапсырылып, оған сәйкес алты шағын кәсіпорын ашылды. Жұмыссыздардың негізгі бөлігін жастар, ұзақ уақыт жұмыс істемегендер және біліктілігі төмен азаматтар құрады. Оларға еңбек нарығында қажетті мамандықтармен қамтамасыз ету, бәсекелестікте қабілеттілікті арттыру үшін, жұмысқа орналасу орталығының жанынан жұмыссыз азаматтарды кәсіби мамандыққа оқытуға қомақты қаражат бөліп отырды.

1996 жылы Бүкіләлемдік даму банкісі Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігінің арасындағы келісімге сәйкес Қызылорда қалалық модельді жұмыспен қамту орталығы құрылды [6, 79 б.]. Осылайша өңірдегі және қаладағы жұмыспен қамту мәселелері өз шешімін тауып отырды. Бұл жағдайлар өңір экономикасын дамыту мәселесінде алға қойған жоспарларды тиісті атқаруға жол ашты. Қызылорда арнайы экономикалық аймағының 1998 жылғы даму бағдарламасы мен оның 1998-2000 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары және Қызылорда арнайы экономикалық аймағының 1999-2003 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарының қабылдануының арқасында біраз жұмыстар атқарылды. Сол 1998 жылы «Жылу электр орталығы» АҚ-ның өндірістік қуатын қайта жандандыру үшін жүргізілген құрылыс-монтаждық жұмыстары қаржыландырылды, 54 орындық төрт жұлдызды қонақ үйі іске қосылды, дендрологиялық парк ашылды, облыстық көпсалалы аурухананың бірінші кезегі мен болгар технологиясы бойынша жұмыс істейтін жиһаз бен сусын шығаратын цехтары іске қосылды. 1999 жылдың басында Израиль технологиясы бойынша алкогольсіз сусындар мен түрлі жеміс шырындарын өндіру кіші зауыты мен 700 орындық «Отырар» жабық базары жұмыс істей бастады. [7, 12 б.].

Күрделі салымның жалпы көлемінің 84,8%-ы кәсіпорындар мен ұйымдардың қорына келді, соның ішінде 45,4%-ы шет елдік инвестиция есебінен. ТМД елдеріне экспорттың жалпы көлемінің 86,7% және импорттың 32,3% келсе, ал алыс шет елдерге, тиісінше 13,3% және 67,7% келді. Егер шет елдерге негізінен күріш (50,2%), негізгі металдар мен олардан жасалған бұйымдар (27,4%), қағаз (4,8%), тері шикізаты мен тері (3,1%) және т.б. жіберілсе, шет мемлекеттерден машиналар, жабдықтар мен механизмдер (30,8%), химия өнеркәсібінің өнімдері (8,3%) әкелінді. 1996-1997 жылдары 12 кәсіпорын акционерлендірілді. Ал 1997 жылы жекешелендірудің 115 шағын объектілері мен акционерлік қоғамдардың мемлекеттік пакеттері 75,2 млн теңгеге сатылды. [8, 10-б.]. 1998 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтерге сәйкес Қызылорда қаласында шағын бизнестің 2376 жеке меншік кәсіпкерлік құрылымдары және 100-ден астам шағын кәсіпорындар тіркелген. 1997 жылы Қызылорда арнайы экономикалық аймағына кіретін өнеркәсіптің кәсіпорындары 13,65 млрд теңгеге өнім шығарды. 1996 жылға қарағанда орташа жалақы 5,6%-ға өсіп, 11919 теңгені құрады (облыс бойынша бұл көрсеткіш – 8926 теңге). Қаланың зейнеткерлері мен бюджеттік ұйымдарының алдында қарыз болмады. 1997 жылы 12666 адам жұмыссыз деп танылды, экономикалық белсенді тұрғындардың арасындағы жұмыссыздықтың деңгейі 6,68% жетті. Тіркелген жұмыссыздардың арасынан оқуға 195 адам, 497 адам қоғамдық жұмыстарға жіберіліп, 10698 адам жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алды. Қала бюджетінің кіріс жағын құруда салықтың жаңа түрлерін енгізудің рөлі зор болды. Қызылорда арнайы экономикалық аймағының құрылуымен оның бюджетіне қаладағы бюджеттік мекемелерді қаржыландыру мәселесі берілді, яғни арнайы экономикалық аймақтың 1997 жылғы бюджетінің шығынының 73,8%-ы жіберілді [8, 12 б.].

Қызылорда арнайы экономикалық аймағының жұмысын сараптау тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанда құрылған арнайы аймақтардың алдында көптеген әкімшілік және заңнамалық кедергілердің аз болмағандығын көрсетеді. Әсіресе, тиісті заңдардың дер кезінде қабылданбай, қолданыстағыларының жетілмегендігінен жер тілімдерін алуда әуре-сарсаңға салушылық жиі орын алды. Қаржылық, салық және ұйымдық тетіктерінің жетілдірілмеуі, күнделікті туындап отырған көптеген мәселелерді шешуге қажетті деңгейдегі дербестіктің болмауы олардың қолын қысқартып, өз міндеттерін толыққанды орындауға жол бермеді. Бұған қоса Қызылорда арнайы экономикалық аймағының қалыптасуында облыстың экономикалық мүмкіндіктерінің қаншалықты ескерілгендігі мәселесі де сұрақ тудырады анық. Оның үстіне экспорттық-өндірістік тұрпатта құрылған Қызылорда арнайы экономикалық аймағының басынан бастап тек аймақтық мәселе ретінде қалыптасқан көзқарас ақыр соңында оның Қазақстан экономикасын дамытудағы рөлін жете бағаламауға әкеліп соқты.

Ендеше Қызылорда арнайы аймағының экономикалық әлеуеті баяу дамып, ол бәсекеге қабілетті тауарлар шығарып, тиісті қызметтер көрсетіп, экспортты өсіруге қауқарсыз болып шықты. Қызылорда арнайы экономикалық аймағы кәсіпкерлер мен фирмалардың, орта және шағын бизнестің жұмыстарына тың серпіліс берді. Мәселен, 1997 жылдың наурыз айынан бастап «Айдан» фирмасының ықпалымен қызылордадағы көптен бері тоқтап тұрған өндіріс орны – тоқымалайтын маталар фабрикасы өнім бере бастады. Сондай – ақ аяқ киім фабрикасы, «Сейхун» акционерлік қоғамында да игі істер басталды. Шетел инвесторларын, республика мен облыстағы кәсіпкерлер мен фирмаларды облыстық әлеуметтік –

экономикалық дамуына қатыстыруға күш салынды. Сондықтан болар, Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылдың 31 наурызында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтардың кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес Қызылорда арнайы экономикалық аймағы мерзімінен бұрын таратылды. [9, 12 б.]. Басқаша айтқанда, 1996-1999 жылдар аралығында әрекет еткен Қызылорда облыстық арнайы аймағы өзін-өзі ақтады деуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Махамбетов Қ. Сыр елі: Очерктер. – Алматы: Шартарап, 1997.-152 б.
2. Қызылорда облысының мемлекеттік архиві. 871 қор., 1-т., Іс. 7-іс.
3. Сыр өңірі тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Алматы: Атамұра, 1998.-288 бет
4. Қызылорда облысының мемлекеттік архиві. 871 қор., 1-т., 9-іс.
5. Қуанышев Ж.І. Қызылорда арнайы экономикалық аймағы.
<https://e-history.kz/kz/news/show/338807> [Есепке алынған күні: 03.09.2022].
6. Қазыналы Қызылорда. Қызылорда, Тұмар; 2011ж.-240 бет
7. Қызылорда облысының мемлекеттік архиві. 871 қор., 1-т., 9-іс.
8. Қызылорда облысының мемлекеттік архиві. 871 қор., 1-т., 9-іс.
9. Қызылорда облысының мемлекеттік архиві. 871 қор., 1-т., 9-іс.

Кыдыралиева Балжан Нурланкызы
Kydyraliyeva Balzhan Nurlankyzy

Ашетаева Мадина Даутбеккызы
Ashetayeva Madina Dautbekkyzy

КазУМОиМЯ

Факультет ФММК, Кафедра менеджмента и международного туризма

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

INFORMATION TECHNOLOGIES IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE

Abstract: Today the teachers need to be aware of their new roles and responsibilities that latest technology requires from them. The students are supposed to conceptualize ideas, work as part of a collaborative team, solve problem and take action. In today's world, the teacher must go beyond knowledge transmission. The change of the teacher's role is conditional by the development and implementation of new technology in the classroom. The classroom environment has to be changed. This brings a new dimension to the role of the teacher, and facilitator who makes progress easier. This article is aimed to prove that the use of technology in education helps to improve the educational process.

Key words: educational technologies, e-learning, English, teaching.

Аннотация: Сегодня учителям необходимо осознавать свои новые роли и обязанности, которых требуют от них новейшие технологии. Предполагается, что ученики должны концептуализировать идеи, работать в составе совместной команды, решать проблемы и предпринимать действия. В современном мире учитель должен выходить за рамки передачи знаний. Изменение роли учителя обусловлено разработкой и внедрением новых технологий на уроке. Обстановка в классе должна быть изменена. Это привносит новое измерение в роль учителя и фасилитатора, который облегчает прогресс. Цель данной статьи - доказать, что использование технологий в образовании помогает улучшить образовательный процесс.

Ключевые слова: образовательные технологии, электронное обучение, английский язык, преподавание.

В настоящее время информационные технологии играют важную роль в обучении английскому языку. С помощью компьютерных программ и интернет-ресурсов ученики могут улучшить свои навыки чтения, письма, говорения и понимания английской речи. Одним из наиболее эффективных способов использования информационных технологий в обучении английскому языку является онлайн-обучение. Ученики могут заниматься в любое удобное для них время, выбирать темы, которые наиболее интересны им, и получать обратную связь от преподавателей. Кроме того, существует множество приложений и игр, которые помогают ученикам улучшить свои навыки английского языка [1]. Например, приложения для изучения грамматики, словарные приложения, приложения для тренировки произношения и многое другое. Таким образом, информационные технологии являются неотъемлемой частью современного обучения английскому языку. Они позволяют ученикам получать более эффективное обучение и улучшать свои навыки.


В последние годы все чаще поднимается вопрос об использовании современных технологий в образовательном процессе. Это не только новые технические средства, но и новые формы и методы преподавания, новый подход к обучению. Главная цель, которую мы ставим перед собой, используя современные технологии в изучении иностранного языка - это показать, как технологии могут быть эффективно использованы для повышения качества обучения учеников иностранному языку, формирования и развития их коммуникативной культуры, обучения практическому овладению иностранным языком [2].

В прошлом обучение означало просто очные лекции, чтение книг или печатных раздаточных материалов, конспектирование и выполнение заданий, как правило, в форме ответов на вопросы или написания эссе. В целом, образование, учеба и преподавание считались невозможными без учителя, книг и классных досок. Сегодня образование и профессиональная подготовка приобрели совершенно новое значение. Компьютеры являются неотъемлемой частью каждого класса, и учителя используют DVD, CD-ROM и видеоролики, чтобы показать ученикам, как все устроено. Учащиеся могут взаимодействовать с

предметами с помощью таких веб-инструментов и компакт-дисков. Более того, каждый ученик может прогрессировать в своем собственном темпе [3].

Использование современных технологий в преподавании английского языка широко понимается как включающее инновационное применение методов, инструментов, материалов, оборудования, систем и стратегий, которые непосредственно связаны с преподаванием английского языка и приводят к реализации ожидаемых целей [4]. Кроме того, было заявлено, что одним из важных элементов обучения является метод, который преподаватели используют на своих занятиях для облегчения процесса изучения языка.

Существует множество информационных технологий, которые могут быть использованы для изучения английского языка [5]. Некоторые из них включают в себя:



Существует множество способов использования информационных технологий на уроках английского языка в школе. Некоторые из них включают в себя:

- Использование интерактивных досок: учителя могут использовать интерактивные доски для создания интерактивных уроков, которые включают в себя видео, аудио, графику и другие интерактивные элементы.
- Использование онлайн-ресурсов: учителя могут использовать онлайн-ресурсы, такие как веб-сайты, приложения и игры, для обучения английскому языку. Эти ресурсы могут включать в себя упражнения на грамматику, чтение, письмо, произношение и многое другое.
- Использование социальных сетей: учителя могут использовать социальные сети, такие как Facebook и Twitter, для создания групп, где ученики могут общаться на английском языке и обмениваться информацией.
- Использование онлайн-конференций: учителя могут использовать онлайн-конференции, такие как Skype и Zoom, для проведения виртуальных уроков и общения со учениками.
- Использование мобильных устройств: учителя могут использовать мобильные устройства, такие как смартфоны и планшеты, для создания интерактивных уроков.

Ученые говорят о многих плюсах использования информационных технологий при изучении английского языка [7]. Некоторые из них включают в себя:

1. Улучшение доступности: информационные технологии делают изучение английского языка более доступным для людей во всем мире. С помощью онлайн-ресурсов и приложений, люди могут изучать английский язык в любое время и в любом месте.

2. Увеличение мотивации: использование информационных технологий может увеличить мотивацию учеников к изучению английского языка [8]. Интерактивные уроки, игры и приложения могут сделать процесс изучения более интересным и увлекательным.

3. Улучшение качества обучения: информационные технологии могут помочь учителям создавать более эффективные уроки и улучшать качество обучения [9]. Интерактивные доски, онлайн-ресурсы и другие технологии могут помочь учителям создавать более интересные и эффективные уроки.

4. Улучшение коммуникации: информационные технологии могут помочь ученикам улучшить свои навыки коммуникации на английском языке.

Было обнаружено, что технология - это термин, который относится к совокупности знаний.

Технология включает в себя использование материалов, инструментов, техник и источников энергии для облегчения жизни. В сфере образования технологии действительно способны улучшить процесс обучения. Разнообразие средств массовой информации и технологий, которые могут быть использованы для получения информации и знаний. Преподавание с использованием технологий может быть более эффективным и увлекательным, потому что у учителя есть много способов создать приятный класс, и это может сделать процесс обучения интересным для учащихся. Учителя могут использовать различные приложения или надежные онлайн-ресурсы, чтобы усовершенствовать традиционные способы преподавания и заучивания, а также повысить вовлеченность учащихся в занятия. Приложение, которое учитель может использовать, например, YouTube, Twitter, подкастинг, Skype. Технологии могут помочь развить многие практические навыки, включая создание презентаций, умение отличать надежные источники информации от ненадежных в Интернете, соблюдение надлежащего онлайн-этикета и написание электронных писем. Это очень важные навыки, которые можно развить в классе с помощью технологий. Таким образом, использование технологий не только для получения дополнительной информации о чем-либо, но и в образовании может сделать процесс обучения учеников более эффективным, гибким и интересным.

Литература:

1. Жетписбаева Б.А.- Полиязычное образование : теория и методология.- Алматы : " Білім" .- 2008- С.343.
2. Galbreath, J. (1997). Multimedia communications: An update on standards Educational Technology, 39(2), 49–55
3. Hubbard, P. (1991). Evaluating computer games for language learning. Simulation & Gaming: An Interdisciplinary Journal of Theory, Practice and Research, 22(2), 220-223
4. Кузнецов Д.В., Гагарина В.Р., Сафина Л.Р. К вопросу многозадачности и многофункциональности преподавателя английского языка в экономическом вузе . Д.В. Кузнецов, В.Р. Гагарина, Л.Р. Сафина .. Казанский педагогический журнал. – 2016. - No 4 (117).
5. Ялалов Ф.Г. Профессиональная
6. многомерность: многомерные компетенции . Ф.Г. Ялалов .. Филология и культура. – 2015. – No 2 (40).
7. Viberg, O., & Grönlund, A. (2012). Mobile assisted language learning: A literature review. In proceedings of the 11th international conference on mobile and contextual learning (pp. 9–16). Helsinki.
8. Chapelle, C. A. (2003). English language learning and technology: Lectures on applied linguistics in the age of information and communication technology. Amsterdam: John Benjamins Publishing.
9. Başaran, B. (2017). Review of the postgraduate thesis prepared for the use of technology in foreign language teaching. Turkish Studies, 12(23), 15-40. doi: 10.7827.TurkishStudies.12126

Издатель ТОО "Институт развития межрегионального партнерства"

Адрес редакции:

Республика Казахстан, г. Нур-Султан, пр. Абылай хана 2 вп-1

journal@gpa.kz

www.gpa.kz

Международный электронный научный журнал

«Наука и Бизнес»

№1 (2023)

СВИДЕТЕЛЬСТВО о постановке на учет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания №16178-Ж 11.10.2016 г.
Комитет государственного контроля в области связи, информатизации и средств массовой
информации Министерства информации и коммуникаций Республики Казахстан

В электронном журнале опубликованы научные статьи на языке оригинала
научных исследователей в авторской редакции. Ответственность за
достоверность материалов и сведений несут авторы публикации. При
использовании материалов научных исследований авторов данного сборника
ссылка на авторов и издания являются обязательными.